



## KAZ Minerals International DMCC

3402 блок, Platinum Tower (Платинум Таур), JLT-РН1-12 учаске  
Jumeirah Lakes Towers (Джумейра Лэйкс Таурс),  
Дубай  
Біріккен Араб Өмірліктері

2024 жылғы 5 желтоқсан

### 2024 ЖЫЛҒЫ 30 ҚЫРКҮЙЕКТЕ АЯҚТАЛҒАН ТОҒЫЗ АЙ МЕН ҮШІНШІ ТОҚСАН БОЙЫНША KAZ MINERALS ТОБЫНЫҢ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ ЖӘНЕ САТУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

		9 ай 2024 ж.	9 ай 2023 ж.	2024 ж. 3- тоқ.	2024 ж. 2- тоқ.	2023 ж. 3- тоқ.
<b>Мыс өндіру<sup>1</sup></b>	<b>мың тонна</b>	<b>287,0</b>	<b>301,2</b>	<b>96,1</b>	<b>96,6</b>	<b>101,7</b>
Ақтоғай	мың тонна	172,2	192,0	58,3	58,3	65,4
Бозшакөл	мың тонна	79,2	77,5	25,8	26,3	27,3
Шығыс өңірі және Бозымшақ	мың тонна	35,6	31,7	12,0	12,0	9,0
Алтын өндіру <sup>2</sup>	мың унция	110,9	120,3	35,0	36,7	42,4
Күміс өндіру <sup>2</sup>	мың унция	2 750	3 004	875	997	1 026
Концентраттағы мырыш	мың тонна	31,3	36,4	8,8	12,0	12,5
<b>Мыс сату<sup>3</sup></b>	<b>мың тонна</b>	<b>295,0</b>	<b>344,2</b>	<b>91,9</b>	<b>99,9</b>	<b>121,1</b>
Алтын сату <sup>4</sup>	мың унция	120,4	140,6	36,4	39,7	47,7
Күміс сату <sup>4</sup>	мың унция	3 014	3 191	1 126	922	1 158
Концентраттағы мырышты сату	мың тонна	35,7	41,3	10,4	11,1	12,1

<sup>1</sup> Ақтоғай кен орнының оксидті кенінен алынған концентраттағы және катодты мыстағы төленетін металдың көлемі

<sup>2</sup> Концентраттағы төленетін металл көлемі

<sup>3</sup> Ақтоғай кен орнының оксид кенінен толлинг және катодты мыс схемасы бойынша өндірілген металдың, концентраттағы төленетін металдың көлемі

<sup>4</sup> Толлинг схемасы бойынша өндірілген металдың, концентраттағы төленетін металдың көлемі

#### Негізгі көрсеткіштер

- 2024 жылдың басынан бастап тоғыз ай ішінде KAZ Minerals кенін өңдеу көлемі 72 млн тоннаны құрады, бұл былтырғы жылдың ұқсас кезеңіндегі көрсеткіштен 5%-ға жоғары (2023 ж. 9 ай: 68 млн тонна) және Топ үшін рекорд болып табылады.
- Осы кезеңде мыс өндірісінің көлемі 287 мың тоннаға дейін төмендеді (2023 ж. 9 ай: 301 мың тонна), себебі кенді өңдеу көлемінің ұлғаюы Ақтоғай мен Бозшакөл кеніштерінде кендегі мыс құрамының болжалды төмендеуін ішінара ғана өтеді.
- Ілеспе өнім ретінде концентраттағы алтын, күміс пен мырышты шығару көлемі былтырғы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда азайды, себебі Шығыс өңірі мен Бозымшақ кен орнындағы өндіру полиметалдардың құрамы аз учаскелерде жүргізілді.
- Мысты 295 мың тонна көлемінде сату деңгейі өндіру көлеміне қарағанда 3%-ға жоғары болды, себебі Топ былтырғы жылдың аяғында тасымалдау барысында болған дайын өнім қорларын сатты.

KAZ Minerals Тобының Басқарма Төрағасы Эндрю Саузам бұл туралы былай деді: «KAZ Minerals компаниясының кенді барынша өңдеудегі тұрақты күш-жігерінің арқасында Ақтоғай, Бозшакөл мен Бозымшақ байыту фабрикалары жобалық қуаттан асып түсіп, 2024 жылғы алғашқы тоғыз ай ішіндегі рекордтық өңдеу көлеміне жетті. Жоғары өндірістік көрсеткіштер Топқа есептік кезеңде 287 мың тонна мыс шығаруға мүмкіндік берді».

**Қосымша ақпарат алу үшін келесі байланыс деректері бойынша хабарласуларыңызды өтінеміз:**

### **KAZ Minerals**

---

Максут Жапабаев	Корпоративтік байланыстар департаменті, Алматы	Тел.: +7 727 244 03 53
Джиллиан Литтл	Корпоративтік хатшы, Дубай	Тел.: +971 4560 5100

---

### **ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЫ:**

Блок №: 3402, Platinum Tower (Платинум Тауэр), учаске №: JLT-PH1-I2, Jumeirah Lakes Towers (Джумейра Лэйкс Тауэрс), Дубай, Біріккен Араб Әмірліктері

---

### **РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТУ**

KAZ Minerals International DMCC (бұдан әрі – KAZ Minerals немесе Топ) – Қазақстандағы карьерлік үлгідегі ірі ауқымды, аз шығынды өндірісті дамытуға бағытталған мыс өндіруші компания. Топ Абай және Павлодар облыстарындағы Ақтоғай және Бозшакөл мыс кеніштерінде, сонымен қатар Абай және Шығыс Қазақстан облыстарындағы үш жерасты кеніші мен байыту фабрикаларында, сонымен қатар Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде операциялық қызметін жүргізеді. 2023 жылы KAZ Minerals мыс өндірісінің жалпы көлемі 403 мың тоннаны құрады, ілеспе өнім ретінде 162 мың унция алтын, 4 008 мың унция күміс және концентратта 51 мың тонна мырыш өндірілді.

Топтың негізгі өндірістік кәсіпорындары – Бозшакөл мен Ақтоғай саладағы ең жоғары өндіріс көрсеткіштерінің бірін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals компаниясын ресурстық бейінінде әлемдік деңгейдегі ашық үлгідегі мыс кеніштері басым компанияға айналдырды.

KAZ Minerals компаниясында Қазақстанда және Қырғызстанда 14 000-ға жуық адам жұмыс істейді.

		9 ай 2024 ж.	9 ай 2023 ж.	2024 ж. 3-тоқ.	2024 ж. 2-тоқ.	2023 ж. 3-тоқ.
<b>Кен өндіру</b>	<b>мың тонна</b>	<b>64 631</b>	<b>58 130</b>	<b>22 636</b>	<b>21 706</b>	<b>20 464</b>
Оксидті кен	мың тонна	9 687	14 129	2 984	3 699	4 394
Сульфидті кен	мың тонна	54 944	44 001	19 652	18 007	16 070
<b>Оксидті кен</b>						
Шоғырлы сілтісіздендіру алаңдарындағы тотыққан кен	мың тонна	9 687	14 129	2 984	3 699	4 394
Мазмұны	%	0,26	0,31	0,26	0,25	0,28
<b>Катодты мыс</b>	<b>мың тонна</b>	<b>14,1</b>	<b>18,4</b>	<b>4,8</b>	<b>4,8</b>	<b>6,7</b>
<b>Сульфидті кен</b>						
<b>Сульфидті кенді қайта өңдеу</b>	<b>мың тонна</b>	<b>43 165</b>	<b>40 754</b>	<b>14 740</b>	<b>14 417</b>	<b>14 263</b>
1 Сульфидті фабрика	мың тонна	20 840	20 969	7 168	6 921	7 394
2 Сульфидті фабрика	мың тонна	22 325	19 785	7 572	7 496	6 869
Өңделген кендегі орташа мөлшері	%	0,44	0,51	0,43	0,44	0,49
Алу коэффициенті	%	87,9	87,6	87,7	88,2	87,2
Концентраттағы мыс	мың тонна	165,5	181,8	56,0	56,0	61,5
<b>Мыс өндіру<sup>1</sup></b>	<b>мың тонна</b>	<b>158,1</b>	<b>173,6</b>	<b>53,5</b>	<b>53,5</b>	<b>58,7</b>
<b>Мыс өндіру барлығы<sup>2</sup></b>						
	<b>мың тонна</b>	<b>172,2</b>	<b>192,0</b>	<b>58,3</b>	<b>58,3</b>	<b>65,4</b>
Күміс өндіру <sup>1</sup>	мың унция	998	907	358	326	319
Концентраттағы молибден өндіру	т	2 994	2 679	1 033	958	933

<sup>1</sup> Концентраттағы төленетін металл.

<sup>2</sup> Ақтоғай кен орнының оксидті кенінен алынған концентраттағы және катодты мыстағы төленетін металдың көлемі

2024 жылғы үшінші тоқсанда кен өндіру көлемі 22 636 мың тоннаны құрады, бұл алдыңғы тоқсаннан 4%-ға жоғары (2Т 2024: 21 706 мың тонна) және былтырғы жылдың ұқсас кезеңінен 11%-ға жоғары (3Т 2023: 20 464 мың тонна), себебі сульфидті байыту фабрикаларында өңдеу үшін қосымша кен көлемі өндіріліп, құрамы едәуір төмен кен болашақта өңделу үшін қоймаланды. 2024 жылғы алғашқы тоғыз ай ішінде өндірілген кен көлемі 64 631 мың тоннаны құрады, бұл былтырғы жылдың ұқсас кезеңінің көрсеткішінен 11%-ға жоғары (2023 ж. 9 ай: 58 130 мың тонна), мұның мақсаты екі сульфидті байыту фабрикасының өскен қажеттіліктерін қанағаттандыру және кейінгі өңдеу үшін кенді жинақтау болды.

Ақтоғай кен орнында 2024 жылдың үшінші тоқсанында қайта өңделген сульфидті кеннің көлемі 14 740 мың тоннаны құрады, бұл өткен тоқсанмен салыстырғанда 2%-ға жоғары (2Т 2024: 14 417 мың тонна), бұл ретте екі фабрика да өнімділіктің жоғары деңгейіне қол жеткізді. 1 Сульфидті фабрикада тоқсандық өңдеу көлемі 7 168 мың тоннаға дейін жетті (2Т 2024: 6 921 мың тонна), себебі техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар алдыңғы тоқсанда жүргізілді. 2 Сульфидті фабрика 7 572 мың тонна көлеміндегі рекордтық өңдеу деңгейіне жетті (2Т 2024: 7 496 мың тонна), бұл ұнтақтау жылдамдығының және фабриканың эксплуатациялық дайындығының артуының арқасында мүмкін болды. Ағымдағы жылдың басынан бастап қазіргі уақытқа дейін Ақтоғай кенішіндегі өңделген кеннің жалпы көлемі 43 165 мың тоннаны құрады, бұл былтырғы жылдың ұқсас кезеңінен 6%-ға жоғары (2023 ж. 9 ай: 40 754 мың тонна), себебі Ақтоғай кен орнының басшылығы екі байыту фабрикасындағы өңдеу қуаттарын оңтайландыруға ерекше назар аударып келеді.

2024 жылғы үшінші тоқсанда сульфидті кеннен мыс өндіру көлемі 53,5 мың тоннаны құрады, бұл алдыңғы тоқсанның көрсеткішіне сәйкес келеді (2Т 2024: 53,5 мың тонна), себебі өңдеу көлемінің артуы алу коэффициентінің төмендеуі кезінде кендегі мыстың азайған құрамының әсерін өтеді. 2024 жылғы алғашқы тоғыз ай ішінде мыс өндіру көлемі 158,1 мың тоннаны құрап, кендегі мыс құрамының 0,44%-ға дейін болжалды

төмендеуіне байланысты (2023 ж. 9 ай: 0,51%) былтырғы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 9%-ға төмендеді (2023 ж. 9 ай: 173,6 мың тонна). Өңделген кендегі мыс құрамының азаюына қарамастан, мыс алу коэффициенті 87,9%-ға дейін сәл өсті (2023 ж. 9 ай: 87,6%).

Оксидті фабриканың катодты мыс өндірісінің көлемі 4,8 мың тоннаны құрады, бұл алдыңғы тоқсандағы өндіріс көлеміне сәйкес келеді (2Т 2024: 4,8 мың тонна). 2024 жылдың басынан бастап 30 қыркүйекке дейінгі кезеңде катодты мыс өндіру көлемі 14,1 мың тоннаны құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 23%-ға төмен (2023 ж. 9 ай: 18,4 мың тонна), өйткені сілтiсiздeндiру алаңдарына орналастырылған оксидті кеннің көлемі аз және орташа мөлшері де аз болды.

2024 жылғы алғашқы тоғыз ай ішінде Ақтоғай кенішіндегі мыс өндірудің жалпы көлемі 172,2 мың тоннаны құрады, бұл былтырғы жылға қарағанда 10%-ға төмен (2023 ж. 9 ай: 192,0 мың тонна) және негізінен өңделетін кендегі мыс құрамының болжалды төмендеуі нәтижесінен болды.

2024 жылдың басынан бастап 30 қыркүйекке дейінгі кезеңде күміс өндірісі 10%-ға 998 мың унцияға дейін өсті (2023 ж. 9 ай: 907 мың унция), бұл өңдеу көлемінің артуына және екі фабрикада қайта өңделген кендегі күміс мөлшерінің жоғары болуына байланысты. Ағымдағы жылдың алғашқы тоғыз айы ішінде концентраттағы молибденді өндіру көлемі 12%-ға 2 994 тоннаға дейін өсті (2023 ж. 9 ай: 2 679 т).

		9 ай 2024 ж.	9 ай 2023 ж.	2024 ж. 3-тоқ.	2024 ж. 2-тоқ.	2023 ж. 3-тоқ.
<b>Кен өндіру</b>	<b>мың тонна</b>	<b>26 173</b>	<b>24 761</b>	<b>8 469</b>	<b>8 716</b>	<b>7 614</b>
Сульфидті кен	мың тонна	21 857	19 936	7 261	7 168	6 511
Сазды кен	мың тонна	4 316	4 825	1 208	1 548	1 103
<b>Қайта өңделген кен</b>	<b>мың тонна</b>	<b>25 983</b>	<b>24 659</b>	<b>8 671</b>	<b>8 820</b>	<b>8 419</b>
<b>Мыс</b>						
Қайта өңделген кендегі мыстың орташа мөлшері	%	0,41	0,42	0,40	0,40	0,42
Мыс алу коэффициенті	%	78,2	79,0	77,6	77,3	79,9
Концентраттағы мыс	мың тонна	83,0	81,1	27,0	27,6	28,5
<b>Мыс өндіру<sup>1</sup></b>	<b>мың тонна</b>	<b>79,2</b>	<b>77,5</b>	<b>25,8</b>	<b>26,3</b>	<b>27,3</b>
<b>Алтын</b>						
Қайта өңделген кендегі алтынның орташа мөлшері	г/т	0,22	0,21	0,21	0,22	0,22
Алтын алу коэффициенті	%	47,7	54,7	48,4	46,1	54,9
Концентраттағы алтын	мың унция	87,0	92,2	27,8	29,1	33,4
<b>Алтын өндіру<sup>2</sup></b>	<b>мың унция</b>	<b>81,3</b>	<b>86,2</b>	<b>26,0</b>	<b>27,2</b>	<b>31,2</b>
<b>Күміс өндіру<sup>1</sup></b>	<b>мың унция</b>	<b>674</b>	<b>620</b>	<b>208</b>	<b>235</b>	<b>215</b>

<sup>1</sup>Концентраттағы төленетін металл.

Бозшакөл кенішінде кен өндіру көлемі 2024 жылғы үшінші тоқсанда 8 469 мың тоннаны құрап, алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 3%-ға төмендеді (2Т 2024: 8 716 мың тонна), себебі сазды кенді өндіру көлемі қысқартылды, бұл қоймаланған материал мен едәуір жұмсақ өтпелі кенді өңдеуге мүмкіндік берді. 2024 жылғы алғашқы тоғыз ай ішінде кен өндіру көлемі 26 173 мың тоннаны құрады, бұл былтырғы жылдың ұқсас кезеңінің көрсеткішінен 6%-ға жоғары (2023 ж. 9 ай: 24 761 мың тонна), бұл негізінен сульфидті байыту фабрикасының өскен қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажет болды.

2024 жылғы үшінші тоқсанда кенді 8 671 мың тонна көлемінде өңдеу алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 2%-ға төмендеді (2Т 2024: 8 820 мың тонна), себебі осы тоқсанда екі фабриканың ЖӨҰ диірмендерінде қаптамаларды ауыстыру бойынша жұмыс жүргізілді. Сульфидті байыту фабрикасы да, сазды кенді қайта өңдеу фабрикасы да жобалық қуаттан асып жұмыс істеуде. Едәуір жоғары ұнтақтау көрсеткіштері мен сульфидті фабриканың эксплуатациялық дайындығының арқасында 2024 жылғы алғашқы тоғыз ай ішінде өңделген кен көлемі 25 983 мың тоннаны құрады, бұл былтырғы жылдың ұқсас кезеңінің көрсеткішінен 5%-ға жоғары (2023 ж. 9 ай: 24 659 мың тонна).

2024 жылғы үшінші тоқсанда 25,8 мың тоннаны құраған мыс өндіру көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 0,5 мың тоннаға немесе 2%-ға төмендеді (2Т 2024: 26,3 мың тонна), бұл техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу нәтижесінде өңдеу көлемінің төмендеуінен болды. Мысты өндіру көлемі 2024 жылдың басынан бастап 30 қыркүйекке дейінгі кезеңде 79,2 мың тоннаны құрады, бұл былтырғы жыл көрсеткішінен 2%-ға жоғары (2023 ж. 9 ай: 77,5 мың тонна), себебі өндіру көлемінің артуы кендегі мыс құрамының төмендеуімен және алу коэффициентінің тиісті азаюымен ішінара өтелді.

2024 жылғы алғашқы тоғыз ай ішінде алтын өндіру көлемі 81,3 мың унцияға дейін 6%-ға төмендеді (2023 ж. 9 ай: 86,2 мың унция), себебі осы кезеңде өңделген кеннің құрамы алу коэффициентіне кері әсер етті. Күмісті өндіру көлемі екі фабрикада өңделген кендегі күмістің анағұрлым жоғары құрамының арқасында 674 мың унцияны құрап, 9%-ға артты (2023 ж. 9 ай: 620 мың унция).

		9 ай 2024 ж.	9 ай 2023 ж.	2024 ж. 3- тоқ.	2024 ж. 2- тоқ.	2023 ж. 3- тоқ.
<b>Кен өндіру</b>	<b>мың тонна</b>	<b>2 489</b>	<b>1 997</b>	<b>809</b>	<b>733</b>	<b>746</b>
<b>Қайта өңделген кен</b>	<b>мың тонна</b>	<b>2 579</b>	<b>2 584</b>	<b>820</b>	<b>947</b>	<b>816</b>
<b>Мыс</b>						
<b>Қайта өңделген кендегі орташа мөлшері</b>	<b>%</b>	<b>1,63</b>	<b>1,46</b>	<b>1,74</b>	<b>1,49</b>	<b>1,34</b>
Шығыс өңірі	%	2,07	1,91	2,23	1,81	1,80
Бозымшақ	%	0,64	0,59	0,68	0,61	0,57
<b>Орташа алу коэффициенті</b>	<b>%</b>	<b>89,4</b>	<b>88,2</b>	<b>88,6</b>	<b>89,3</b>	<b>86,4</b>
Шығыс өңірі	%	90,4	88,3	90,2	90,2	86,2
Бозымшақ	%	82,0	87,7	76,9	82,4	87,6
<b>Концентраттағы мыс</b>	<b>мың тонна</b>	<b>37,5</b>	<b>33,4</b>	<b>12,7</b>	<b>12,5</b>	<b>9,5</b>
Шығыс өңірі	мың тонна	33,4	28,8	11,4	11,2	7,9
Бозымшақ	мың тонна	4,1	4,6	1,3	1,3	1,6
<b>Мыс өндіру<sup>1</sup></b>	<b>мың тонна</b>	<b>35,6</b>	<b>31,7</b>	<b>12,0</b>	<b>12,0</b>	<b>9,0</b>
Шығыс өңірі	мың тонна	31,7	27,3	10,8	10,7	7,5
Бозымшақ	мың тонна	3,9	4,4	1,2	1,3	1,5
Алтын өндіру <sup>1</sup>	мың унция	29,6	34,1	9,0	9,5	11,2
Күміс өндіру <sup>1</sup>	мың унция	1 078	1 477	309	436	492
Концентраттағы мырыш	мың тонна	31,3	36,4	8,8	12,0	12,5

<sup>1</sup> Концентраттағы төленетін металл көлемі

2024 жылғы алғашқы тоғыз ай ішінде кен өндіру көлемі 2 489 мың тоннаны құрады, бұл былтырғы жылдың ұқсас кезеңінің көрсеткішінен 25%-ға жоғары (2023 ж. 9 ай: 1 997 мың тонна), бұған негізінен Бозымшақ жерасты кенішінде кен өндіру көлемінің артуы себеп болды, салыстырмалы түрде алғанда былтыр өндіру шектелген болатын, себебі ашық кенішті пайдалану мерзімі аяқталуға жақын болды.

2 579 мың тонна көлемінде кен өңдеу көрсеткіші жалпы алғанда былтырғы жылдың ұқсас кезеңінің көрсеткішіне сәйкес келді (2023 ж. 9 ай: 2 584 мың тонна), себебі Шығыс өңірдегі Орлов байыту фабрикасында өндірістің ұлғаюы Бозымшақ кен орнындағы өндірістің төмендеуімен өтелді, Бозымшақ кен орнында есептік кезеңде қоймаланған кеннің аз мөлшері өңделді. Өңделген кеннің көлемі 2024 жылғы үшінші тоқсанда 820 мың тоннаны құрады, бұл алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 13%-ға төмен (2Т 2024: 947 мың тонна), себебі Николаев байыту фабрикасында диірмен қаптамасын ауыстыру бойынша жұмыстар және басқа да жоспарлы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

2024 жылғы алғашқы тоғыз ай ішінде мысты өндіру көлемі өңделген кендегі мыстың едәуір жоғары құрамының арқасында 35,6 мың тоннаға дейін 12%-ға артты (2023 ж. 9 ай: 31,7 мың тонна). 2024 жылғы үшінші тоқсанда мысты өндіру көлемі 12,0 мың тоннаны құрады, бұл алдыңғы тоқсанның деңгейіне сәйкес келеді (2Т 2024: 12,0 мың тонна), себебі өңделген кендегі мыс құрамының артуы өңдеу көлемінің төмендеуімен өтелді.

Алтын өндіру көлемі Бозымшақ кен орнында алу коэффициентінің төмендеуі және Шығыс өңірде өңделген кендегі алтын құрамының азаюы нәтижесінде 2024 жылғы алғашқы тоғыз ай ішінде 29,6 мың унцияға дейін 13%-ға төмендеді (2023 ж. 9 ай: 34,1 мың унция). 2024 жылғы үшінші тоқсанда алтын өндіру көлемі 9,0 мың унцияны құрады, бұл алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 5%-ға төмен (2Т 2024: 9,5 мың унция), бұл негізінен Шығыс өңірде өңделген кендегі алтын құрамының төмендеуіне байланысты, ол берілетін кендегі алтын құрамының ұлғаюы есебінен Бозымшақ кенішіндегі өндірістің өсуімен ішінара өтелді.

Күміс өндіру көлемі 2024 жылғы алғашқы тоғыз ай ішінде 1 078 мың унция құрап, былтырғы жылдың ұқсас кезеңінен 27%-ға төмен болды (2023 ж. 9 ай: 1 477 мың унция), бұған Шығыс өңірі мен Бозымшақ кен орнында өңделген кендегі күміс құрамының төмендеуі себеп болды. 2024 жылғы үшінші тоқсанда күміс өндіру көлемі 309 мың унцияға дейін азайды, бұл алдыңғы тоқсанға қарағанда 29%-ға төмен (2Т 2024: 436 мың унция), ол негізінен

техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізгендіктен Шығыс өңірдегі Николаев байыту фабрикасында өндіріс көлемінің қысқаруы мен өңделген кендегі күміс құрамының төмендеуі нәтижесінде болды.

2024 жылдың басынан бастап 30 қыркүйекке дейінгі кезеңде концентраттағы мырышты өндіру көлемі мырыш құрамы едәуір жоғары учаскелерде өндіріс кешеуілдегеннен кейін өңделген кендегі мырыш құрамының төмендеуінің теріс әсері салдарынан 31,3 мың тоннаны құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 14%-ға төмен (2023 ж. 9 ай: 36,4 мың тонна). 2024 жылғы үшінші тоқсанда концентраттағы мырышты өндіру көлемі 8,8 мың тоннаға дейін азайды, бұл алдыңғы тоқсанға қарағанда 27%-ға төмен (2Т 2024: 12 мың тонна), ол Шығыс өңірдегі екі фабрикада өңделген кендегі мырыш құрамының төмендеуінен, сонымен қатар Николаев байыту фабрикасында өндіріс көлемінің қысқаруы нәтижесінде болды.

## ҚОСЫМША – МЕТАЛЛ ӨНДІРІСІ

		9 ай 2024 ж.	9 ай 2023 ж.	2024 ж. 3-тоқ.	2024 ж. 2-тоқ.	2023 ж. 3-тоқ.
<b>Мыс өндіру<sup>1</sup></b>	<b>мың тонна</b>	<b>287,0</b>	<b>301,2</b>	<b>96,1</b>	<b>96,6</b>	<b>101,7</b>
Ақтоғай	мың тонна	172,2	192,0	58,3	58,3	65,4
Бозшакөл	мың тонна	79,2	77,5	25,8	26,3	27,3
Шығыс өңірі	мың тонна	31,7	27,3	10,8	10,7	7,5
Бозымшақ	мың тонна	3,9	4,4	1,2	1,3	1,5
<b>Алтын өндіру<sup>2</sup></b>	<b>мың унция</b>	<b>110,9</b>	<b>120,3</b>	<b>35,0</b>	<b>36,7</b>	<b>42,4</b>
Бозшакөл	мың унция	81,3	86,2	26,0	27,2	31,2
Шығыс өңірі	мың унция	7,8	8,3	2,2	2,9	2,9
Бозымшақ	мың унция	21,8	25,8	6,8	6,6	8,3
<b>Күміс өндіру<sup>2</sup></b>	<b>мың унция</b>	<b>2 750</b>	<b>3 004</b>	<b>875</b>	<b>997</b>	<b>1 026</b>
Ақтоғай	мың унция	998	907	358	326	319
Бозшакөл	мың унция	674	620	208	235	215
Шығыс өңірі	мың унция	953	1 289	274	399	431
Бозымшақ	мың унция	125	188	35	37	61
<b>Концентраттағы мырыш</b>	<b>мың тонна</b>	<b>31,3</b>	<b>36,4</b>	<b>8,8</b>	<b>12,0</b>	<b>12,5</b>
Шығыс өңірі	мың тонна	31,3	36,4	8,8	12,0	12,5
<b>Концентраттағы молибден</b>	<b>т</b>	<b>3 149</b>	<b>2 798</b>	<b>1 039</b>	<b>981</b>	<b>955</b>
Ақтоғай	т	2 994	2 679	1 033	958	933
Бозшакөл	т	155	119	6	23	22

<sup>1</sup> Ақтоғай кен орнының оксидті кенінен алынған концентраттағы және катодты мыстағы төленетін металдың көлемі.

<sup>2</sup> Концентраттағы төленетін металл.

## ТОЛЛИНГ СҰЛБАСЫ БОЙЫНША ҚАЙТА ӨНДЕУ ЖӘНЕ ДАЙЫН МЕТАЛДАР

		9 ай 2024 ж.	9 ай 2023 ж.	2024 ж. 3-тоқ.	2024 ж. 2-тоқ.	2023 ж. 3-тоқ.
<b>Катодты мыс</b>	<b>мың тонна</b>	<b>67,4</b>	<b>90,7</b>	<b>20,1</b>	<b>21,6</b>	<b>36,8</b>
Ақтоғай – сульфидті кен (толлинг сұлбасы бойынша)	мың тонна	15,8	35,1	6,8	2,6	17,3
Ақтоғай – оксидті кен	мың тонна	14,1	18,4	4,8	4,8	6,7
Бозшакөл (толлинг сұлбасы бойынша)	мың тонна	2,9	3,8	0,0	1,1	0,3
Шығыс өңірі (толлинг сұлбасы бойынша)	мың тонна	30,6	27,3	7,3	11,7	10,3
Бозымшақ (толлинг сұлбасы бойынша)	мың тонна	4,0	6,1	1,2	1,4	2,2
Құймалардағы алтын өндірісі (толлинг сұлбасы бойынша)	мың унция	34,3	42,5	9,3	12,7	17,0
Құймалардағы күміс өндірісі (толлинг сұлбасы бойынша)	мың унция	1 295	789	388	425	510



ҚОСЫМША – ШЫҒЫС ӨҢІРІ ЖӘНЕ БОЗЫМШАҚ

		9 ай 2024 ж.	9 ай 2023 ж.	2024 ж. 3-тоқ.	2024 ж. 2-тоқ.	2023 ж. 3-тоқ.
<b>Кен өндіру</b>	<b>мың тонна</b>	<b>2 489</b>	<b>1 997</b>	<b>809</b>	<b>733</b>	<b>746</b>
Орлов кеніші	мың тонна	643	634	219	212	204
Артемяев кеніші	мың тонна	935	852	320	318	283
Ертіс кеніші	мың тонна	272	311	92	91	103
Бозымшақ	мың тонна	639	200	178	112	156
<b>Қайта өңделген кен</b>	<b>мың тонна</b>	<b>2 579</b>	<b>2 584</b>	<b>820</b>	<b>947</b>	<b>816</b>
Орлов байыту фабрикасы	мың тонна	647	551	225	210	119
Николаев байыту фабрикасы	мың тонна	1 140	1 153	340	479	393
Бозымшақ байыту фабрикасы	мың тонна	792	880	255	258	304
<b>Алтын</b>						
<b>Қайта өңделген кендегі орташа мөлшері</b>	<b>г/т</b>	<b>0,66</b>	<b>0,71</b>	<b>0,66</b>	<b>0,61</b>	<b>0,70</b>
Шығыс өңірі	г/т	0,43	0,48	0,41	0,43	0,47
Бозымшақ	г/т	1,17	1,15	1,21	1,10	1,08
<b>Орташа алу коэффициенті</b>	<b>%</b>	<b>57,3</b>	<b>61,7</b>	<b>55,4</b>	<b>54,2</b>	<b>65,3</b>
Шығыс өңірі	%	33,1	33,5	32,4	31,7	40,3
Бозымшақ	%	77,6	84,6	72,5	77,6	83,6
<b>Концентраттағы алтын</b>	<b>мың унция</b>	<b>31,4</b>	<b>36,3</b>	<b>9,5</b>	<b>10,1</b>	<b>11,9</b>
Шығыс өңірі	мың унция	8,2	8,9	2,3	3,0	3,2
Бозымшақ	мың унция	23,2	27,4	7,2	7,1	8,7
<b>Алтын өндіру<sup>2</sup></b>	<b>мың унция</b>	<b>29,6</b>	<b>34,1</b>	<b>9,0</b>	<b>9,5</b>	<b>11,2</b>
Шығыс өңірі	мың унция	7,8	8,3	2,2	2,9	2,9
Бозымшақ	мың унция	21,8	25,8	6,8	6,6	8,3
<b>Күміс</b>						
<b>Қайта өңделген кендегі орташа мөлшері</b>	<b>г/т</b>	<b>27,2</b>	<b>35,4</b>	<b>25,8</b>	<b>28,6</b>	<b>36,9</b>
Шығыс өңірі	г/т	36,2	49,3	34,4	36,9	54,0
Бозымшақ	г/т	7,0	8,6	6,7	6,4	8,2
<b>Орташа алу коэффициенті</b>	<b>%</b>	<b>52,4</b>	<b>55,2</b>	<b>49,9</b>	<b>55,1</b>	<b>55,8</b>
Шығыс өңірі	%	50,3	52,5	48,2	53,7	53,3
Бозымшақ	%	77,1	84,9	69,0	76,2	83,7
<b>Концентраттағы күміс</b>	<b>мың унция</b>	<b>1 184</b>	<b>1 623</b>	<b>339</b>	<b>479</b>	<b>540</b>
Шығыс өңірі	мың унция	1 047	1 416	301	439	473
Бозымшақ	мың унция	137	207	38	40	67
<b>Күміс өндіру<sup>1</sup></b>	<b>мың унция</b>	<b>1 078</b>	<b>1 477</b>	<b>309</b>	<b>436</b>	<b>492</b>
Шығыс өңірі	мың унция	953	1 289	274	399	431
Бозымшақ	мың унция	125	188	35	37	61
<b>Мырыш</b>						
<b>Қайта өңделген кендегі орташа мөлшері</b>	<b>%</b>	<b>2,41</b>	<b>2,81</b>	<b>2,25</b>	<b>2,39</b>	<b>3,19</b>
Орлов байыту фабрикасы	%	3,36	3,58	3,09	3,91	3,76
Николаев байыту фабрикасы	%	1,87	2,44	1,69	1,72	3,02
<b>Орташа алу коэффициенті</b>	<b>%</b>	<b>72,8</b>	<b>75,9</b>	<b>69,4</b>	<b>72,8</b>	<b>76,3</b>
Орлов байыту фабрикасы	%	67,5	69,1	63,1	68,1	63,0
Николаев байыту фабрикасы	%	78,1	80,7	77,1	77,4	81,3
<b>Концентраттағы мырыш</b>	<b>мың тонна</b>	<b>31,3</b>	<b>36,4</b>	<b>8,8</b>	<b>12,0</b>	<b>12,5</b>

Орлов байыту фабрикасы	мың тонна	14,7	13,6	4,4	5,6	2,8
Николаев байыту фабрикасы	мың тонна	16,6	22,8	4,4	6,4	9,7

<sup>1</sup> Концентраттағы төленетін металл.